

## Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 794 қаулысы

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазтелерадио" акционерлік қоғамы телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы болып айқындалсын.

2. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 2-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырады.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық оператор туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 777 қаулысы;

2) "Телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық оператор туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 777 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 639 қаулысы

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов